

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы**  
**Жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының**  
**№ 33 ХАТТАМАСЫ**

**2026 жылғы 3 сәуір**

**Алматы қаласы**

**Өткізу форматы: аралас**

**«БЖЗҚ» АҚ Орталық аппаратында (офлайн)/**

**Cisco Webex Meetings (онлайн)**

**ҚАТЫСҚАНДАР:**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшелері (бұдан әрі – Кеңес, ҚК):

1. Сейпұльник Евгений – ҚК төрағасы;
2. Батищева Татьяна;
3. Алтынбекова Гүлсара;
4. Алехова Александра;
5. Джакуб Арман;
6. Джаллыгапова Дана;
7. Джалдасбеков Азамат;
8. Құсайынов Айдархан;
9. Мәженова Бақыт;
10. Нурабаев Жомарт;
11. Тәжібекова Жұмагүл.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

1. Құрманов Ж.Б. – «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы;
2. Егеубаева С.А. – Басқарма төрағасының орынбасары;
3. Фазылова К.Н. – Стратегиялық даму департаментінің директоры;
4. Акмаева М.А. – Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры, ҚК

хатшысы.

Отырысқа Кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2025 жылдағы БЖЗҚ қызметі туралы есеп
2. БЖЗҚ-ның ақпараттық-түсіндіру жұмысы
3. ҚК-ның 2025 жылғы қызметі туралы есеп
4. Өртүрлі. ҚК төрағасы мен төраға орынбасарын сайлау

**ҚАРАЛДЫ:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Фазылова Камиля баяндама жасады. Ол Қор қызметінің негізгі көрсеткіштері, 2025 жылғы басты оқиғалар мен жетістіктер туралы ақпарат ұсынды.

Баяндамашы зейнетақы жүйесіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер туралы хабарлады. 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болған Салық кодексі аясында тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған әлеуметтік осал топтар үшін өзгерістер енгізілгені атап өтілді. 2021–2022 жылдары БЗТ алып, жеке табыс салығын

(ЖТС) өтеп үлгермеген азаматтар үшін 2025 жылғы 15 шілде мен 31 желтоқсан аралығында талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылған.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексінің күшіне енуімен бұл мерзім қайтадан 3 жылға қысқартылды.

Сонымен қатар, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-дан төленетін барлық зейнетақы төлемдері, оның ішінде тұрғын үй мен емделуге арналған БЗТ жеке табыс салығынан босатылғаны атап өтілді. Бұрын есептелген ЖТС міндеттемелері жойылды, алайда 2026 жылға дейін төленген сомалар қайтарылмайды. Міндетті зейнетақы жарналарына бұрынғыдай ЖТС салынбайды. Сонымен қатар, қызметкер өз пайдасына төлеген ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімдер алып тасталды. Салық агенті БЖЗҚ-ға қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы болып есептелмейді (тиісінше ЖТС салынбайды), ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеріледі деген норма сақталды.

Баяндамада сондай-ақ:

- 55 жасқа толған және кемінде 84 ай бойына МКЗЖ төленген адамдар үшін арнайы зейнетақы төлемдерінің жинақтаушы бөлігін жүзеге асырудың шекті мерзімі нақтыланды: төлемдер тағайындалған күннен бастап белгіленеді және зейнеткерлік жасқа толғанға дейін не зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүргізіледі;

- БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтарын ЕАЭО келісімі шеңберінде еңбек мигранттары ретінде қалыптастырған адамдарға, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтығын ауыстырған кезде, оның ішінде ҚР мемлекеттік ақпараттық жүйелерінде (ЖТ МДҚ) Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған кезде зейнетақы жинақтарын алу құқығы берілді;

- БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері бойынша проактивті қызмет алуға құқығы бар тұлғалар санаты еңбек сіңірген жылдары үшін төлем алушылармен толықтырылды.

Фазылова Камиля сонымен қатар зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыруға бағытталған заңнамалық түзетулер блогы туралы айтты. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруымен де, инвестициялық портфельді басқарушылармен (ИПБ) де зейнетақы активтері есебінен инвестициялауға қолжетімді қаржы құралдарының тізбесі кеңейтілді, бұл баяндама барысында егжей-тегжейлі айтылды.

ИПБ қызметіне қатысты негізгі өзгерістер жеке атап өтілді:

- ИПБ қызметінің тиімділігін объективті бағалауды қамтамасыз ету мақсатында кірістілік деңгейіне және қабылданатын тәуекелдерге байланысты Кі композиттік индекстері негізінде бағалау жүйесі енгізілді;
- ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен шетел валютасында номиналданған қаржы құралдарына инвестициялардың шекті жиынтық көлемі 50% - дан 60% - ға дейін ұлғайтылды;
- ИПБ-ларға зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты өз бастамасы бойынша бұзу құқығын берілді.

Бұдан әрі баяндамашы БЖЗҚ қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялауға көшті. Ол 2025 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі шамамен 26 трлн теңгені құрағанын атап өтті. Зейнетақы жинақтарының шамамен 60%-ы зейнетақы жарналары есебінен, 40%-ы инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылды. 2025 жылғы зейнетақы жинақтарының өсімі өткен жылмен салыстырғанда – 14%.

Сондай-ақ, ол зейнетақы шоттарының зейнетақы жарналарының түрлері бойынша құрылымын, МЗЖ бойынша кірістер топтары бойынша белсенді ЖЗШ, қатысу өтіліне байланысты МЗЖ орташа жинақтарын көрсетті.

Баяндама барысында жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту көрсеткіштері жарияланды. Бұл ретте 2025 жылы 1 және одан да көп жарна төлеген МЗЖ салымшыларының жалпы саны 7,21 млн адамды құрағаны атап өтілді. Оның ішінде жалдамалы қызметкерлер - 6,5 млн адам, өзін - өзі жұмыспен қамтығандар - 701 мың адам.

Жалдамалы жұмысшылардың жарналарын аударудың жүйелілігі мен көлемі өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға қарағанда едәуір жоғары деген қорытындыға келді.

Әрі қарай төлемдер туралы ақпарат ұсынылды. Баяндама барысында 2024-2025 жылдары тағайындау түрлері бойынша төлемдер динамикасы көрсетілді. Олардың ең үлкен көлемі 2024-2025 жылдары баламалы мақсаттарға арналған БЗТ, екінші орында - зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарына аударымдар, үшінші орында - жасына байланысты төлемдер болды. Сондай-ақ 2021-2025 жылдардағы баламалы мақсаттарға БЗТ егжей-тегжейлі талданды: зейнетақы жинақтарының БЗТ алмаған кездегі әлеуетті көлемі бағаланып, БЗТ алу динамикасы жасына және мақсатына қарай жылдар бойынша ұсынылды.

Баяндама барысында БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару тақырыбы талқыланды. Баяндамашы зейнетақы активтерінің 99,6%-ы ҚРҰБ басқаруында, 0,4%-ы ИПБ басқаруында екенін атап өтті. Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістің құрылымы көрсетілді, бұл ретте 2025 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық бөлінген кіріс шамамен 1,73 трлн теңгені құрағаны атап өтілді. Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының аударымдары және ИПБ бөлінісіндегі таза инвестициялық кіріс, зейнетақы активтерін басқарушылар бөлінісіндегі зейнетақы активтерінің табыстылығы туралы мәліметтер ұсынылды.

Баяндама соңында Фазылова Камиля әрбір тұтынушыға зейнетақы қызметтері мен коммуникацияларды көрсету бойынша дербестендірілген тәсілді іске асыру, кадрлық әлеуетті дамыту, сапа стандарттарына сәйкестік, жинақтаушы зейнетақы жүйесін халықаралық бағалау, БЖЗҚ халықаралық ынтымақтастығы және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы кәсіби өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі құралдар туралы айтып берді.

Александра Алехованың жұмыс берушілер үнемі зейнетақы жарналарын төлейтін жалдамалы жұмысшылардың саны өзгерді ме деген сұрағына баяндамашы тиісті ақпарат қосымша ұсынылатынын атап өтті. Бұл ретте Фазылова Камиля соңғы 10 жылда зейнетақы жарналарын төлеу бойынша белсенділіктің оң серпіні байқалғанын атап өтті.

Талқылау барысында Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) енгізуге ынталандыру және зейнетақы активтерін басқару тиімділігі мәселелері де қозғалды.

Жанат Құрманов сарапшылардың "4+1" моделіне негізделген және 5% ЖМЗЖ-ның 4% -жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) және 1% ортақ зейнетақы шотына (ОЗШ) қайта бөлуді көздейтін ұсынысы қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың қарау сатысында екенін түсіндірді. Оның айтуынша, бұл модель салымшылардың зейнетақы жинақтарына меншік құқығын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, ол зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерін кеңейтеді, соның ішінде ИПБ-ның басқаруына беру, зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу, сондай-ақ салымшылар тарапынан өз жинақтарын бақылау деңгейін арттырады, өйткені олар ЖЗШ-да ескеріледі. Жинақтаушы жүйеде ЖМЗЖ-ның 1%-ын ОЗШ-да сақтау зейнетақы төлемдерінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе зейнетақы жинақтары таусылған кезде өзекті болады (әдетте, салымшы 80 жастан асқан соң жинақтары толық пайдаланылуы мүмкін, сол үшін зейнетақы табысын тұрақты деңгейде ұстап тұру маңызды).

Жанат Құрманов сондай-ақ, инфрақұрылымдық ұйым ретінде БЖЗҚ үшін салымшының сенімгерлік басқарушыны өз бетінше таңдауына ыңғайлы болуы үшін зейнетақы активтерін басқарушылардың әр түрлі болуы маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқарудың бәсекелестік нарығын дамытуға мүдделі, бұл өтімділікті қолдауға және қаржы құралдарына бәсекелестік баға белгілеуді қалыптастыруға ықпал етеді. ИПБ нарығын дамыту салымшылардың мүдделеріне сай келеді. Осыған байланысты ИПБ-ның тартымдылығын арттыруға және олар ұсынатын инвестициялық портфельдер желісін кеңейтуге бағытталған қадамдар жасау маңызды.

Халықты ақпараттандыру деңгейін арттыру және зейнетақы активтерін инвестициялау тетіктерін тұрақты түсінуді қалыптастыру мақсатында БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформаны іске қосты. Платформа ИПБ туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікке біріктіреді және инвестициялық қызмет туралы деректерді ұсынуға жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді. Осылайша, салымшылар бір ақпарат көзі арқылы ИПБ мен ҚРҰБ-тың кірістілігін, портфель құрылымын және басқару нәтижелерін салыстыра алады. Мұндай құрал әсіресе инвестициялау тәжірибесін жинай алатын, неғұрлым тиімді инвестициялық стратегияны таңдауға қатыса алатын және осылайша өз зейнетақы жинақтарын басқаруға әсер ете алатын жас салымшылар үшін өте маңызды.

Татьяна Батищеваның ИПБ-ның бірнеше инвестициялық портфельдер шеңберінде жұмыс істеу мүмкіндігі және осы үшін қажетті жағдайлар туралы сұрағына жауап бере отырып, Жанат Құрманов қазіргі уақытта ИПБ-лардың үш портфель ұсынуға мүмкіндігі жоқ екенін түсіндірді. Ол үшін ҚР Әлеуметтік кодексіне тиісті өзгерістер енгізу қажет. Бұл бастаманы уәкілетті мемлекеттік органдар (ҚРҰБ және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА)) қолдады және іске асыру сатысында тұр. Сонымен қатар, ол ИПБ-лардың қолданыстағы портфельдері жеткілікті жақсы әртараптандырылғанын және ішкі ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықтардың да қаржы құралдарын қамтитынын атап өтті. Оның пікірінше, ИПБ-ға бірнеше портфельді қалыптастыру мүмкіндігін беру салымшылардың, оның ішінде халықаралық нарықтарда айналысқа түсетін қаржы құралдарына инвестиция салуға мүдделі салымшылардың неғұрлым кең санатының сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

БЖЗҚ-да жастар арасында кең ақпараттық жұмыстарға бағытталған бюджеттің болуы туралы сұраққа Қор консультациялық және ақпараттық қызмет шеңберінде дәстүрлі БАҚ-тан заманауи коммуникация арналарына баса назар аударатыны атап өтілді. Ол БЖЗҚ-ның стратегиялық мақсаттарының бірі – әрбір қатысушыға зейнетақы қызметтерін көрсету және қарым-қатынас жасауға дербестендірілген тәсіл қолдану екенін атап өтті. Пайдаланушының жеке кабинетіндегі зейнетақы жинақтарының қажеттіліктері мен көлемін талдай отырып, Қор оған ең өзекті қызметтерді және зейнетақы қаражатын инвестициялаудың қолайлы нұсқаларын ұсынуға тырысады.

Баяндаманы талқылау барысында Азамат Жолдасбеков презентацияны: жынысы мен жас топтары бөлінісінде зейнетақы жинақтары бар салымшылардың құрылымы туралы; жынысы бөлінісінде біржолғы төлемдерді алушылардың құрылымы туралы; сондай-ақ "Haluk Global Markets" АҚ-ның нарықтан алдағы уақытта кететінін ескере отырып, зейнетақы жинақтарын ИПБ арасында аудару туралы ақпаратпен толықтыру жайында бірқатар ұсыныстар айтты.

БЖЗҚ қызметінің 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері туралы толық есеп enpf.kz сайтындағы "Қор туралы" - "Қоғамдық кеңес" - "Хаттамалар, презентациялар"- 33 отырыс бөлімінде орналастырылған.

Алынған ақпаратты талқылағаннан кейін БЖЗҚ қызметінің 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері туралы ақпаратты ҚК мүшелерінің ұсыныстарына сәйкес деректермен толықтырып, назарға алу туралы ұсыныс келіп түсті.

Дауыс беру нәтижесі:

«қолдады» – 11

«қарсы» – 0

«қалыс қалды» – 0

Шешім қабылданды.

**Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша "БЖЗҚ" АҚ** Қоғаммен байланыс департаментінің директоры Акмаева Марина ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және БЖЗҚ-ның коммуникациялар арналары тақырыбында сөз сөйледі. Баяндамашы БЖЗҚ корпоративтік стратегиясына сәйкес Қордың стратегиялық міндеттері, оның ішінде үздік

әлемдік тәжірибені ескере отырып, әрбір қатысушымен зейнетақы қызметтерін көрсету мен коммуникацияларға дербестендірілген көзқарас, жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері және БЖЗҚ қызметінің басқа да бағыттары бойынша жұртшылықпен және БЖЗҚ қарсы әріптестерімен тиімді өзара іс-қимыл болып табылатынын атап өтті. Коммуникациялардың мақсаты: зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру және халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенімін нығайту.

Алмаева Марина БЖЗҚ коммуникациялық бағдарламасын іске асыру кезінде жас топтары, жұмыспен қамту түрі және тұрғылықты жері бойынша сегменттелген мақсатты аудитория анықталғанын атап өтті. Әр санат үшін ақпаратты қабылдау ерекшеліктері және коммуникацияның қолайлы арналары ескерілді. Осыған байланысты әзірленген материалдар бұқаралық аудитория мен сарапшылар қауымдастығы үшін сараланған.

2025 жылдың қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ туралы айтылған 49 873 жарияланым орналастырылды, оның 43 047-сі (86,3%) қордың бастамасымен. Салыстыру үшін 2020 жылы 41 165 материал, 2017 жылы 21 521 материал шықты. Баяндамашы сапалы өзгерістердің оң динамикасын атап өтті: мысалы, егер 2017 жылы ресми БАҚ-та резонанстық және теріс тоналдылықпен 114 жарияланым тіркелген болса, 2025 жылы – барлығы 3 (үшеу) ғана.

Алмаева Марина есепті кезеңде 121 пресс-релиз дайындалып, орналастырылғанын және 78 рет БАҚ сұрауларына жауап берілгенін атап өтті. БЖЗҚ ақпаратының дәйексөзділік деңгейі 75% нысаналы көрсеткіштен 86,3% құрады.

Сондай-ақ, баяндамашы БЖЗҚ ағымдағы трендтерге сәйкес әлеуметтік желілерге қатысуды белсенді дамытып жатқанын айтты. Цифрлық арналардың танымалдылығының тұрақты өсуі және олардың дәстүрлі БАҚ-пен интеграциясы байқалады. Instagram және TikTok (жастарды қоса алғанда, кең аудитория) ең көп сұранысқа ие платформалар болып табылатынын, ал Facebook негізінен сараптамалық және журналистік қоғамдастыққа бағытталғанын атап өтті. Әлеуметтік желілердегі жазылушылардың жалпы саны 2017 жылы 30 мыңнан 2025 жылы 160 мыңға дейін өсті.

Баяндамашы бейне мазмұнға ерекше назар аударылатынын айтты: бейне нұсқаулықтар жасау, подкасттар шығару және сараптамалық сұхбаттар. Ол зейнетақымен қамсыздандырудың өзекті тақырыптары бойынша бейне-түсініктемелерді еліміздің жетекші телеарналары белсенді қолданатынын атап өтті.

Сондай-ақ, enpf.kz сайтының жаңартылған нұсқасы 2025 жылы іске қосылғаны туралы хабарланды, kids.enpf.kz қосалқы домені жаңартылды, БЖЗҚ басқарма төрағасының блог-платформасы жұмысын жалғастыруда.

Алмаева Марина баяндама барысында білім беру іс-шаралары, оның ішінде "Журналистика мектебі", өңірлік БАҚ-тағы презентациялар, инфлюенсерлер (аудиториясы 1 млн жазылушыға дейін) тартылған жобалар, Ашық есік күндері туралы айтып берді.

Сондай-ақ, баяндамашының айтуынша, жылдық есептің жария нұсқасын (үш тілде), "PRO ЕНПФ" корпоративтік басылымын және филиалдар үшін ақпараттық материалдар өндірісін қоса алғанда, баспа және цифрлық жобалар іске асырылуда.

Баяндама соңында жыл сайынғы әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша зейнетақы жүйесіне деген сенім деңгейі 5,92 балды, БЖЗҚ - ға-10 балдан 6,04 балды құрағаны атап өтілді. Бұл ретте респонденттердің 64,3%-ы зейнетақыны (мемлекеттік және БЖЗҚ-дан) өзінің болашақ қаржылық әл-ауқатының негізгі көзі ретінде қарастырады.

БЖЗҚ ақпараттық-түсіндіру жұмысы туралы толық есеп enpf.kz сайтындағы "Қор туралы" - "Қоғамдық кеңес" - "Хаттамалар, презентациялар"- 33 отырыс бөлімінде орналастырылған.

Алынған ақпаратты талқылағаннан кейін БЖЗҚ-ның ақпараттық-түсіндіру жұмысы туралы есепті назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Дауыс беру нәтижесі:

«қолдады» – 11

«қарсы» – 0

«қалыс қалды» – 0

Шешім қабылданды.

**Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша** ҚК төрағасы Евгений Сейпульник сөз сөйледі. Ол Қоғамдық кеңестің 2025 жылғы қызметі туралы есеп берді. 2025 жылы Қоғамдық кеңестің 4 отырысы өткізілгенін жеткізді.

2025 жылғы 20 наурыздағы бірінші отырыста ҚРҰБ және ИПБ-лардың зейнетақы активтерін басқару нәтижелері және инвестициялаудың одан әрі бағыттары туралы есептері тыңдалды. Отырыста Кеңес туралы ереже жаңа редакцияда қабылданды және 15.03.2017 ж. №2 ҚК хаттамасымен бекітілген Ереженің күші 25.12.2020 ж. № 15 хаттамамен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуімен жойылды деп танылды. Сондай-ақ Қоғамдық кеңеске жаңа мүшелер қабылданды: экономист Дана Джарлыгапова және журналист, Inbusiness.kz АА шеф-редакторы Арман Джакуб.

2025 жылғы 20 маусымдағы екінші отырыста инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) қызметін бағалау кезінде композиттік бенчмарк енгізу мәселелері қаралды, ҚНРДА бағалы қағаздар нарығы департаменті директорының орынбасары Алмабек Жанбеков баяндама жасады. Сондай - ақ, демографиялық трендтер мен зейнетақы жинақтарының ағымына актуарлық талдау ұсынылды (баяндамашы – Абылай Жексембай, Қордың Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары). Сонымен қатар, 2024 жылғы ҚК қызметі туралы есеп бекітілді.

2025 жылғы 17 қазандағы үшінші отырыста ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазиннің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы инвестициялау нәтижелері және зейнетақы активтерін басқару тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі жоспарлары туралы есебі тыңдалды. Сондай-ақ, "БЖЗҚ" АҚ Заң департаментінің директоры Назым Бақтыбаев ұсынған проблемалық эмитенттердің активтерімен жұмыс мәселелері қаралды. Төлемдерді ұйымдастыру және ақпараттандыру департаменті төлем әдіснамасы басқармасының бастығы Гүлнұр Ағайдарова тұрғын үй мен емделуге біржолғы зейнетақы төлемдері туралы айтып берді.

2025 жылғы 19 желтоқсандағы төртінші отырыста жаңа Салық кодексінің 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуіне байланысты зейнетақы төлемдері мен өзін - өзі жұмыспен қамтығандардың міндетті зейнетақы жарналарына салық салу бөлігінде өзгерістер қаралды (баяндамашы - "БЖЗҚ" АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті директорының орынбасары Әлия Түсеева). Кеңес құрамына бақыт Мәженова қабылданды. Отырыс қорытындысы бойынша БЖЗҚ-ның талдамалық және ақпараттық материалдарды дайындау бойынша ұсынымдары берілді.

Баяндамашы жыл бойы Кеңес БЖЗҚ-ға зейнетақы активтерін сақтау мәселелері бойынша өтініштер жолдағанын, олар уәкілетті органдарға қайта жолданғанын, қорытындысы бойынша түсініктемелер алғанын атап өтті. Сондай-ақ, жыл бойы белсенді сырттай жұмыс жүргізілді: зейнетақы жүйесіндегі өзгерістер бойынша түсініктемелер берілді, Кеңес мүшелерінің сұраныстары мен сарапшылардың ұсыныстары қаралды.

Қоғамдық кеңестің 2025 жылғы қызметі туралы толық есеп [enrf.kz](http://enrf.kz) сайтындағы "Қор туралы" - "Қоғамдық кеңес" - "Хаттамалар, презентациялар"- 33 отырыс бөлімінде орналастырылған.

Алынған ақпаратты талқылағаннан кейін Қоғамдық кеңестің 2025 жылғы қызметі туралы есепті назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Дауыс беру нәтижесі:

«қолдады» – 11

«қарсы» – 0

«қалыс қалды» – 0

Шешім қабылданды.

**Күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша** Кеңес мүшелері Евгений Сейпульникті БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы және Татьяна Батищеваны БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары ретінде растауға бірауыздан дауыс берді.

Сондай-ақ Кеңес шешімімен Петр Своик пен Мұрат Темірхановтың құрамнан шығу туралы өтініштері қаралып, қанағаттандырылды.

Дауыс беру нәтижесі:

«Евгений Сейпульникті қолдады» – 11

«қарсы» – 0

«Татьяна Батищеваны қолдады» – 11

«қалыс қалды» – 0

Шешім қабылданды. Бірауыздан БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Евгений Сейпульник, БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Татьяна Батищева болып қала береді.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

#### **Отырыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:**

- "БЖЗҚ" АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Фазылова Камилияның "2025 жылғы "БЖЗҚ" АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері " баяндамасы назарға алынсын.

- Есепті соңғы 10 жылдағы жұмыскерлер үшін зейнетақы жарналарын төлеу бойынша жұмыс берушілер белсенділігінің серпіні, жынысы мен жас топтары бөлінісінде зейнетақы жинақтары бар салымшылардың құрылымы, жынысы бөлінісінде біржолғы төлемдерді алушылардың құрамы, сондай-ақ "Halyk Global Markets" АҚ-ның нарықтан алдағы уақытта шығатынын ескере отырып, зейнетақы жинақтарын ИПБ арасында аудару туралы ақпаратпен толықтыру.

#### **Отырыстың күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша:**

"БЖЗҚ" АҚ Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Акмаева Маринаның баяндамасы назарға алынсын. "БЖЗҚ ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және коммуникациялар арналары".

#### **Отырыстың күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша:**

ҚК төрағасы Евгений Сейпульниктің Қоғамдық кеңестің 2025 жылғы қызметі туралы баяндамасы назарға алынсын.

#### **Отырыстың күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша:**

- Қоғамдық кеңестің төрағасы Евгений Сейпульник пен БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Татьяна Батищева қайта сайланып, тағайындалсын;

- Своик Петр мен Темірханов Мұраттың ҚК құрамынан шығу туралы өтініштері қанағаттандырылсын.

**ҚК төрағасы**

**Е. Сейпульник**

**ҚК хатшысы**

**М. Ақмаева**